



030300, Қарауылкелді ауылы
Қонаев көшесі, 36

030300, село Карауылкелды
ул. Конаева, 36

20 ____жылғы _____

№ _____

_____ 20 ____года

**«2016-2018 жылдарға арналған
Байғанин ауданының бюджетін
бекіту туралы» 2015 жылғы
23 желтоқсандағы № 196 аудандық
мәслихаттың шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 109-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №196 «2016-2018 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу №4704 санымен тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпанда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағының 1-қосымшасы, 9 тармағының 5-қосымшасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

Е. Илиясов

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**

Б. Турлыбаев